

Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 7 қарашадағы N 1102 Қаулысы

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1405 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысының әкіміне 2005 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен:

"Глубокий" кенішінен шахта суларын бұру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге; жер асты сулары деңгейін су төкпе қазбасының белгісінен төмен ұстау үшін "Глубокий" кенішінен суды сорып тастау жұмыстарын жүзеге асыруға;

"Глубокий" кенішінің шахта сулары деңгейінің көтерілуі салдарынан зардап шеккен Кентау қаласының тұрғын үйлерінде қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге 80000000 (сексен миллион) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі 2005 жылдың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы есеп берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі